

кетіндер/ кетініз/ кетініздер! - приходите в гости, Сыйлы қонағым бол/ болындар/ болыңыз/ болыңыздар! – будьте моим почетным гостем, Келіп кет/ кетші/ кетсеңші/ кетіндер/ кетіндерші/ кетсеңдерші! – приходи (сегодня, на днях), Келіп тұр/ тұрсайшы/ тұрындар/ тұрсандаршы/ тұрыңыз/ тұрыңыздар/ тұрыңыздаршы – захаживай. Немецкий эквивалент *Komm doch vorbei!* с которым немец завершает свою беседу является формальной формой этикета, не обязывающий ни к чему. Это можно рассмотреть на примере данных диалогов:

В казахской культуре не принято спрашивать у гостя, как в некоторых культурах, хочет ли он чего-нибудь, например: *Чаю хомтме? Möchten Sie Tee?* В казахском языке есть пословица *Сұран бергенше ұрын бер*, смысл которой заключается в том, что не надо спрашивать, а надо угостить, поэтому гостю сразу предлагают чай или какое-нибудь другое угощение [2,4,7,8,9].

Как показывает анализ, этикетные формулы в казахском и немецком языках направлены на создание благожелательного, толерантного отношения между коммуникантами. Таким образом, знание этикета, представляющего собой систему стандартизированного, нормированного поведения, в том числе и речевого, обеспечивает успешную межкультурную коммуникацию.

#### Литература:

1. Формановская Н.И. Коммуникативно-прагматические аспекты единиц общения: учеб. пособ. - М., 1998. - 291 с
2. Duden. Deutsches Universalwörterbuch. Dudenverlag, 1989. 1816 с.
3. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы, 1999. 776 с.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2008. 968 с.
5. Қазақша – орысша сөздік. Алматы, 2001. 1008 с.
6. Үлкен қазақша-орысша сөздік. Алматы: Алтын қазына, 2001. 704 с.
7. Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 2008. 962 с.
8. Большой немецко-русский словарь. Том 1. Москва: Астрель Аст, 2002. 1120 с.
9. Большой немецко-русский словарь. Том 2. Москва: Астрель Аст, 2002. 1216 с.

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІПТІК ҚАЛЫПТАСУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жансерикова Д.А., п. ф. к., доцент, Бижанова Ж.А., 2 курс магистранты  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы,

Біздің республикамыздың әлеуметтік-экономикалық даму модернизациясының маңызды құралына болашақ мамандардың кәсіптік қалыптасуы мәртебесі жатады. Ғылыми мақалада авторлар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі факторы ретіндегі қазіргі білім беру жүйесінде студенттерінің кәсіптік қалыптасуының рөлін теориялық негіздейді.

*Кілтті сөздер.* Жеке тұлға, кәсіби бағыттылық, құндылық-бағдарлық іс-әрекет, кәсіби қызығушылық, кәсіби шеберлік, кәсіби оқыту, кәсіби анықтау.

Қазіргі кезеңде тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің кепілі ретінде білім беру жүйесін реформалауды ойдағдай жүзеге асырудың маңызы артып отыр. Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менің» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, күзиретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау процесі – білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау

мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі.

Осыған орай, студенттердің кәсіби бағыттылығын қарастыратын ғылыми, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің талдауы-кәсіби бағыттылық проблемасының кәсіптік бағдар беру жұмысының теориясы мен практикасына өзіндік үлес қосатынын көрсетеді. Сонымен қатар, болашақ кәсіптік оқыту мамандықтарында оқитын студенттер кәсіптік бағдар беру жұмысын дұрыс жолға қоюда, өздерінің бұл процестегі орны мен рөлін дұрыс анықтауда, оқушылардың кәсіби бағыттылықтарын жеке-дара ерекшеліктерінесәйкес қалыптастыруда, кәсіби бағыттылықты қалыптастыру процесін дұрыс ұйымдастырып басқаруда көптеген қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Жеке тұлға бағыттылығының проблемасы қазіргі кезеңдегі психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бағыттылық – жеке тұлға құрылымының өзегі, негізгі құрамдас бөлігі, оның «ең жоғарғы деңгейі» екені көптеген ғылыми зерттеулерде анықталған. Бағыттылықтың жоғарғы деңгейі жеке тұлғаны іс - әрекеттің барлық түріндегі жоғары белсенділікпен және олардың арасындағы өзара қатынастар үйлесімділігімен сипатталады. Мұндай жеке тұлға өзінің іс-әрекетіндегі еңбектің әртүрінде кездесетін қиындықтарды жеңе отырып, іс-әрекет түрлерінің бір –бірімен толықтыратын деңгейге жеткізе алады.

Қазіргі біздің еліміздегі кредиттік оқыту жүйесіне енуі кезеңінде мамандарды шығармашылық еңбекке адамгершілік, психологиялық, педагогикалық және практикалық тұрғыдан дайын – біртұтас, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу жоғарғы оқу орындарының негізгі мақсаты. Республикамыздағы жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту жүйесіне өтуіне байланысты кәсіби бағыттылықты қалыптастыру проблемасыда өзгеріп отыр. Бағыттылық проблемасы өте күрделі және жан - жақты проблема болғандықтан, алдымен бағыттылық түсінігін, оның сипаттамасы мен құрылымын айқындау қажет. Жалпы қазіргі кезеңде кредиттік оқыту жүйесінің негізі - студенттердің өз бетінше дамуына барынша мүмкіндік туғызу. Яғни, бұл дегеніміз - дәстүрлі оқытудағыдай, студенттердің дайын білімді оқытушыдан алып, меңгеруі емес, өз бетінше ізденуі арқылы білім деңгейін жетілдіру, өзін-өзі дамыту қабілеттіліктерін қалыптастыруға бағыттау деген сөз. Ал, мұндай қабілеттер еңбек нарығындағы бәсекелестік жағдайында өте қажет. Дегенмен, кредиттік технологияны Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінде студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту мәселелерін ескеру қажет. Себебі, жеке тұлға құрылымындағы бағыттылықтың маңызын, оның іс-әрекет деңгейіне әсерін, жеке тұлғаның негізгі жақтарының бірі ретіндегі мәні мен бағыттылықтың динамикасын ғалым-педагогтар, психологтермен қатар, инженер-педагогтар да белсенді түрде зерттеуде. Ол өмірлік және кәсіби дұрыс айқындалу мәселесінің қажеттілігінен туындайды.

Психологиялық әдебиеттерде жеке тұлғаның бағыттылығы оның құрылымындағы негізгі компонент түрінде қарастырылады.

К.К.Платоновтың анықтауы бойынша, жеке тұлғаның бірінші құрылымында - бағыттылық, қатынастар және моральдық қасиеттер бар. «Бұл құрылым тәрбиелеу арқылы қалыптасады. Тұтастай алғанда бағыттылық иерархиялы түрде байланысқан бірнеше форманы қамтиды: бағыттылықтың ең қарапайым формасындағы әуестікынтаға айналатын тілек, қызығу, дүниетаным, сенім». В.О. Мерлиннің айтуынша, жеке адам сипаттамасында ең маңыздысы және негізгісі - оның бағыттылығы, яғни жеке адам өмірінің жалпы бағыты мен барлық белсенді шығармашылық іс-әрекеті соған байланысты. «Жеке адам бағыттылығына мінезінің қасиеттері, тіпті қабілеттерінің дамуы да байланысты, жеке адам бағыттылығына әлеуметтік және адамгершілік құндылықтары да жатады». Қазіргі кезде жеке тұлғаның жалпы бағыттылығы, оның бейнесін құрушы факторы ретінде қарастырылады. Бағыттылық дегеніміз-жеке тұлғаның сыртқы жүйесінің қарапайым проекциясы

(кескін-сұлбасы) түрінде қалыптасқан құрылымы емес, сыртқы әсерлердің жеке тұлғаның ішкі жағдайларына әсер етуі нәтижесінде құрылатын күрделі құрылым деп айтуға болады [2].

Жеке тұлғаның жалпы бағыттылығына іс-әрекет мазмұны, оның өзгешелігі әсер етеді. Жеке тұлға бағыттылығының негізгі типтері: қоғамдық, ұжымдық, жеке бастық, өзімшілдік, кәсіби, эстетикалық, т.б. бағыттылықтар деп қарастырылады. Бұл мәселе бойынша педагогтар көзқарасы бойынша, жеке тұлға бағыттылығы-оқу, оқудан тыс іс-әрекет формаларының баршасының әсерінен қалыптасатын, оқушы жастардың болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын тәрбиелейтін күрделі жеке тұлғалық құрылым деген түсінікке саяды. Егер де, бағыттылық жеке тұлғаның ерекшеліктерін тұтастай анықтайтын болса, онда кәсіби бағыттылық жеке тұлғаның жалпы бағыттылығының маңызды бір бөлігі болып табылады. Кәсіби бағыттылық-адамның таңдап алған мамандыққа көзқарасын сипаттайтын, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның табыстылығына әсер ететін жеке тұлғаның интегралды қасиеті деп қарастырылады. Кәсіби бағыттылықтың жан-жақтылығы, жеке тұлғаның жүйесін құрайтын қасиеті ретінде П.А.Шавирдің анықтамасында көрсетілген. Ол бойынша кәсіби бағыттылықтағы іс-әрекетті артығырақ көретін мотивтер жүйесі, оның өзі жеке адамның танымдық және құндылық-бағдарлық іс-әрекеті негізінде өтетін кәсіби әсерлер жүйесімен қарым-қатынас процесінде қалыптасады. Кәсіби бағыттылықтың психологиялық-педагогикалық аспектісін, кәсіби шеберлікті дамыту бағытында, кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды жетілдіру және де жеке тұлғаның жалпы дамуы тұрғысынан өте терең және жан-жақты зерттеген А.П.Сейтешов. А.П.Сейтешовтің пікірінше: кәсіби бағыттылық дегеніміз «жеке адамның маңызды жақтарының бірі, ол оның қызығулары, ниеттері, бейімділіктері, мұраты мен сенімдерінен көрінеді». Педагогика және психология білімінің қағидаларын және өз зерттеулерінің нәтижелерін негізге ала отырып А.П.Сейтешов педагогикалық-психологиялық сипаттамаларды толығымен қарастырды, жас жұмысшылардың жеке тұлғасының кәсіби бағыттылығы дамуының кейбір заңдылықтарын, оны тәрбиелеу жағдайларын көрсетеді. Кәсіби бағыттылықты болашақ маманның жеке тұлғасының біртұтас және жан-жақты қасиеті түрінде толық түсіну үшін, оның компоненттік құрамын, сапалы сипаттамалары мен динамикасын анықтау үшін де қажет [3, 1416]. Сондықтан, студенттердің саналы түрде мамандық таңдауының басты мотивтері өз кәсіби қызығуларын түсінуі, арман-тілектерін іске асыру үшін саналы мақсат қойып, іс-әрекетін жоспарлауы-кәсіби бағыттылық қалыптасуының маңызды факторлары болып табылады. Кәсіби бағыттылық әсерлілігі студенттердің сол мамандықты меңгеруге деген белсенді ұмтылыстарымен, қойылған мақсатқа жетудегі табандылығы, саналылығымен айқындалады.

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзіндік анықталу мәселесін зерттеу өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді.

Білім беру саласында мамандарды даярлаудың қазіргі ұйымдастырылуының негізінде жүйелі білім берумен қатар, оқу материалын ұғынуда қиындықтар тудыратын бөлек-бөлек тұрғылар да бар. Мұндай жағдайдың негізгі себебі, біздің ойымызша, білім беру процесі негізгі оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ұсыныстарға негізделмейтіндігінде, ал оның өзі білім берудің барлық деңгейлерінде оқу-білім беру процесінің өрістеуіне кері әсер етеді. Кез келген пән бойынша оқу бағдарламаларын жасаушыларға оларды неғұрлым жандандырудың логикалық-психологиялық негіздерін жаңаша етіп іздестіру мәселесі қойылады. Бұл оқыту курсының ерекше жағдайы, оның логикалық негіздерін байланыстыру қажеттілігімен де, адамның онтогенетикалық даму заңдылықтарын оқыту психологиясы тұрғысымен де анықталады. Жаңа оқулықтар, бағдарламаларды жасауда негізгі қиындықтар бірнеше объективті факторларды: психиканың бейнелендіргіш және реттегіштік қызметін, психологиялық феномендерді сипаттаудағы көпнұсқалықты, курстың субъект-субъектілік әрекеттестікке көшкендегі педагогикалық процеске қатысушылардың бәрінің де психикалық дамуына ықпал етіп, әсіресе студенттердің психикалық дамуы мен бағдар алуына пайдалы әсер етуін де қамтиды. Білім саясатының өзекті мәселелері-кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді

жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу. Сондықтан кәсіби оқытудың күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзіретті маман дайындау[4]. Мұндай маман дайындау үшін білім беру процесін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Атап айтатын болсақ, бұлар- оқу процесін белсенділендіру, берік те тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу процесін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б.

Кәсіби оқыту жалпы оқыту процесінің бір тармағы ретінде кәсіптік білім беру жүйесін жетілдірумен қалыптасты. Бұл енді дамып, қанат жайып келе жатқан жас ғылым саласы. Басқа ғылымдар сияқты мұның өз ұғымы мен түсіну аппараты бар, оның іргелі ғылым екендігін, сапалық ерекшеліктерін айғақтайтын дәйектемелері бар. Бүгінгі маман - ілімнің негіздерін жетік игерген, еліміздің саяси мақсаттарын айқын көретін, ғылыми және практикалық мол даярлығы – тәжірибесі бар, өз мамандығын жақсы, жоғары деңгейде меңгерген адам. Әрине қазіргі маман – жоғары мәдениеттің, мол эрудицияның адамы, жалпы алғанда ол – жаңа қоғамның нағыз интеллигенті.

Кәсіби оқыту осындай мәселелермен шұғылданып, егемен елімізде білікті маман жұмысшы дайындауда әлемдік өркениет деңгейіне көтермекші. Қазіргі нарық жағдайына бейімделген ақпаратты әлемде білімді тез, негізді түрде әрі тиімді игере білуіміз қажет. Білікті маман, өз ісінің білгір маманы болу үшін, ғылымды игеру жеткіліксіз, оны практикалық тұрғыда өмірге қолдана біліп, кәсіптік әлемдік деңгейіне дейін жеткізіп, нақты іске асыра білетін жан – жақты кәсіп иелері болуымыз керек.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.
2. Леонтьев Д.А. Очерк психологии личности. - М., 1997.
3. Сейтешов А.П. Пути профессионального становления учащейся молодежи. – М.: Высшая школа, 1988. – 336 с.
4. Абуова Б. Қазіргі кездегі жоғарғы кәсіби білім берудегі мәселелер. // Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2007. №1. Б.232-234.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ФАКТОРЫ

Жанұзақов Н.Б., г.ғ.м., оқытушы; Исакова Р.К., г.ғ.м., оқытушы;  
Бейсенбаева Б.А. г.ғ.м., аға оқытушы

Академик А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

«Әр біреудің тілін, өнерін білген кісі  
соныменен бірдейлік дағуасына кіреді,  
аса арсыздана жалынбайды».

Абай Құнанбайұлы

Мақалада ғалымдардың әлемдегі көптілділікті меңгеруде, алдына мақсат етіп қойған өзекті мәселелері қарастырылған. Мақала авторлары көптілді білім беру факторын және негізін қарастырады. Нақты ақпаратты дидактикалық құралы анықталып, соның ішінде көптілді білім берудегі маңыздылығы көрсетіледі.

*Кілт сөздер:* көптілділік, жаһандану, фактор, формула, шетел тілі.

Қазақтың ұлы данасы, дара тұлғасы, хакім Абайдың ұрпаққа өсиет еткен сөздерінің зерттеу нысанына алынып отырған тақырыптың мәні мен мазмұнын ашуда орны ерекше екендігін ескере кеп, қазақ жазба әдебиетінің қалаушы, алып тұлға Абай Құнанбаевтың өзі де бірнеше тілдерді білгендігін үлгі еткен жөн. Бүгінгі таңда көкейкесті мәселелердің бірі болып «Көптілділік» мәселесі саналады. Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған. Әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз